

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды. Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.



«RG Brands» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ («RG Brands» АҚ)

ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ЕКІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІ

1. Осы облигациялар шығарылымы «RG Brands» акционерлік қоғамының (бұдан былай – Эмитент) екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады. Осы облигациялар шығарылымы Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы шеңберінде екінші болып табылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні:

Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының проспектісін мемлекеттік тіркеу 2013 жылғы 21 маусымда жүргізілді, шығарылым E49 нөмірімен эмиссиялық бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізіліміне енгізілген.

2) шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі: 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңге.

3) облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың барлық бұрынғы шығарылымдары туралы мәліметтер:

| Екінші облигациялық бағдарлама шеңберінде бірінші шығарылым | |
|--|---|
| Облигациялар шығарылымын Уәкілетті органда тіркеу күні | 2013 жылғы 21 маусым Нөмірі E49-1 |
| Шығарылым саны | 7 000 000 000 (жеті миллиард) дана |
| Шығарылым облигацияларының түрі | қамтамасыз етілмеген купонды |
| Номиналдық құны бойынша шығарылымның көлемі | 7 000 000 000 (жеті миллиард) теңге |
| Шығарылымның орналастырылған облигациялар саны | 243 304 000 (екі жүз қырық үш миллион үш жүз төрт) дана |
| Облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі | 228 625 085 (екі жүз жиырма сегіз миллион алты жүз жиырма бес мың сексен бес) теңге |
| Осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген сыйақы сомасы | 20 757 095 (жиырма миллион жеті жүз елу жеті мың тоқсан бес) теңге (01.04.2019 жылдағы жағдай бойынша) |
| Осы облигациялар шығарылымы бойынша төленген сыйақы сомасы | 19 657 500 (он тоғыз миллион алты жүз елу жеті мың бес жүз) теңге |
| Оларды сатып алу күнін көрсетумен сатып алынған облигациялар саны | 184 000 000 (жүз сексен төрт миллион) дана 10 шілде 2017 жыл |
| Эмитенттің облигациялар ұстаушыларының алдындағы өз міндеттемелерін орындамау дерегі туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кідірту), соның орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындауды кешіктіру мерзімі, есептелген, бірақ төленбеген облигациялар бойынша сыйақы сомасы туралы ақпарат | Эмитенттің облигациялар айналымы кезені ішінде облигациялар ұстаушылары алдындағы өз міндеттемелерін орындамау дерегі болмаған. |
| Егер облигациялар шығарылым орналастыру немесе айналымы тоқтатыла тұрса (жаңартылса), мұндай шешімді қабылдаған мемлекеттік | Эмитентте облигациялар шығарылымын орналастыруды немесе айналымын тоқтата тұру деректері болмаған. |

| | |
|--|---|
| <p>орган, негіздемесі және оларды қабылдау күні көрсетіледі</p> | |
| <p>Облигациялар айналымы жүретін нарықтар, соның ішінде сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауы</p> | <p>Облигациялардың айналымы багалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жүзеге асырылады; Сауда-саттықты ұйымдастырушы - «Қазақстан қор биржасы» АҚ</p> |
| <p>Егер облигациялар айналымда болса, облигациялар ұстаушыларына берілетін құқықтар, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде іске асқан және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсетумен ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар</p> | <p>Облигацияның ұстаушысына берілетін құқықтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • осы проспект шарттарында қарастырылған тәртіппен және мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы, • осы проспект шарттарында қарастырылған тәртіппен және мерзімде белгіленген сыйақы алу құқығы, • Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитент қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы, • Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы, • облигацияларды еркін тәртіппен иеліктен шығару және басқа да тәсілдермен басқару, • сыйақыларды және облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерін орындамаудың әр күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл ретте сыйақыларды және облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерін орындамаудың әр күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күні (яғни, төлем жүзеге асырылған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) қолданылған Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасына байланысты есептеледі, • Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуды мәлімдеу құқығы, • Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен облигациялардың меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар. • Облигация ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған. <p>Облигация айналымының барлық кезеңі ішінде Эмитент Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шығарылым проспектімен көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзу жағдайына жол бермеді.</p> |

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

- 1) облигациялардың түрі: қамтамасыз етілмеген купонды;
- 2) бір облигацияның номиналдық құны: 1 (бір) теңге.
- 3) облигациялар саны: 5 000 000 000 (бес миллиард) дана;
- 4) облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 5 000 000 000 (бес миллиард) теңге;

- 5) облигациялардың номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы: Қазақстандық теңге.

4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:

- 1) Облигациялар қолма-қол ақшасыз түрде теңгемен ақшалай төленеді.

5. Облигациялар бойынша кірісті алу:

- 1) облигациялар бойынша сыйақының ставкасы: Облигация айналымының барлық кезеңіне белгіленген, облигацияның номиналды құнынан жылдық 8% (сегіз пайызды) құрайды;
- 2) сыйақыны төлеу мерзімділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақыны төлеу күні: облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигация айналымының барлық мерзімі ішінде облигация айналымы басталған күннен бастап әр алты ай өткен сайын жылына екі рет жүргізіледі;
- 3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн: облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялар айналымын бастау күнінен басталады және облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі;
- 4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақыны алу тәсілі: сыйақы сыйақыны төлеу жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша оны алу құқығына ие тұлғаларға төленеді. Сыйақы төлеу сыйақыны төлеу жүргізілетін кезеңнің соңғы күннен кейінгі күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің есептік шотынан облигация ұстаушылардың есептік шотына ақша аудару арқылы теңгемен жүргізіледі. Облигация инвесторы Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға болса, сыйақы төлеу облигация инвесторында Қазақстан Республикасы аумағында теңгедегі банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізіледі. Төлем жасау кезінде теңгені басқа валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күніне дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей облигация ұстаушысынан – Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғадан тиісті жазбаша өтінімді алған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жасалған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Айырбастау облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға есебінен жүргізіледі. Сыйақыны облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға пайдасына төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді;
- 5) облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі: облигациялар бойынша сыйақы төлеу жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және олардың айналымының барлық кезеңі ішінде айына 30 (отыз) күн уақыттық база есебінен жүргізіледі.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржылық компания облигацияларын шығарған кезде қосымша түрде көрсетіледі:

- 1) ақшалай талаптың сипаттамасы, бөлінген активтер құрамына кіретін талап құқығы бойынша ақша түсімінің шарты және болжамдалатын мерзімдер;
- 2) базалық шарт бойынша жасалған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерін арнайы қаржылық компаниясының органдарына енгізу және

олардың өкілеттіліктері туралы облигациялар ұстаушыларына ақпаратты беру тәртібі;

- 3) бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын активтерді жобалық қаржыландыру және инвестициялық басқару мәмілелеріне қызмет көрсетуге байланысты арнайы қаржылық компаниясының шығындар тізімі;

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

7. Секьюритизация кезінде арнайы қаржылық компания облигацияларын шығарған кезде қосымша түрде көрсетіледі:

- 1) оригиналордың, инвестициялық портфельді, арнайы қаржылық компанияны басқаратын банк-кастодианның атауы және орналасқан орны және талаптың берілген құқығы бойынша төлемдер алымын жүзеге асыратын тұлғалар;
- 2) қызмет мәні, секьюритизация мәмілесіндегі оригиналордың құқықтары мен міндеттері;
- 3) талап құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтер құрамына кіретін талап құқығы бойынша ақша түсімінің шарты, тәртібі және мерзімдері, және оларды орындауды бақылауды жүзеге асыру тәртібі;
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;
- 5) секьюритизация мәмілесі бойынша қызметтер төлеміне байланысты шығындар, және арнайы қаржылық компания бөлінген активтер ішінен осы шығындарды шегеруге құқылы болатын шарттар;
- 6) секьюритизация мәмілесіне қатысатын оригиналордың және тұлғалардың секьюритизацияны қолдану тәжірибесі бар екендігі жөніндегі мәлімет;
- 7) секьюритизация мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсуінің болжамды талдамасы;
- 8) талап құқықтарының біртектілік критерийлері;
- 9) облигациялық бағдарлама шеңберінде шығарылған әр түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі.

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

- 1) облигацияларды орналастыру басталу күні: облигациялар айналымының басталу күні;
- 2) облигацияларды орналастыру аяқтау күні: облигацияларды өтеу күні;
- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық: бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы.

9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі:

- 1) облигациялар айналымының басталу күні: «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес бірінші орын алған сауда-саттықтарды өткізу күні. Облигациялар

айналымының басталу күні жайлы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланатын болады;

- 2) *облигациялар айналымының аяқталу күні*: облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күні;
- 3) *айналым мерзімі*: айналымды бастау күнінен бастап 5 (бес) жыл;
- 4) *облигациялар айналымы жоспарланатын нарық*: бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы.

10. Облигацияларды өтеу шарттары және тәртібі:

- 1) *облигацияларды өтеу күні*: облигациялар айналымы басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткенде облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі келесі күн;
- 2) *облигацияларды өтеу тәсілі*: негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купонды сыйақыны төлеу облигациялар айналымының соңғы күні басталатын жағдай бойынша облигациялар ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде тіркелген облигациялар ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі. Облигациялар облигациялар айналымының соңғы күнінің келесі күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде соңғы купон сыйақысын төлеумен бір уақытта облигацияның номиналды құны бойынша төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы (бағалы қағаз ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын «Орталық депозитарий» АҚ орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) жағдай бойынша облигациялар ұстаушысы тізілімінің жүйесінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен өтеледі. Облигация инвесторы Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға болса, облигациялар бойынша төлемдер облигация инвесторында Қазақстан Республикасы аумағында теңгедегі банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізіледі. Төлем жасау кезінде теңгені басқа валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күнінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей облигация ұстаушысынан – Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғадан тиісті жазбаша өтінімді алған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жасалған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Айырбастау облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға есебінен жүргізіледі. Облигациялар бойынша төлемді облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға пайдасына жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.
- 3) *егер облигацияларды өтеген кезде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге мүлктік құқықтармен жүргізілсе, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және аталған құқықтарды жүргізуге құқылы тұлғалардың, сонымен қатар осы құқықтардың беруді іске асыру тәртібінің сипаттамасы беріледі*: облигацияларды өтеген кезде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде тіркелген облигациялар ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі.

11. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4 баптарымен белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда көрсетіледі:

- 1) *облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары*.

Эмитенттің осы шешім қабылдауға өкілетті органының шешімі бойынша Эмитент олардың айналымының барлық мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында өз облигацияларын сатып алуға құқылы.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу құны келесідей анықталады:

- мәмілені жасаған күнгі нарық құнына сүйене отырып, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасау барысында;
- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасау кезінде - мәміле тараптарының келісімі бойынша.

Сатып алынған облигациялар өтелген деп саналмайтын болады және Эмитентпен қайтадан орналастырыла алады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигация сатып алынатын облигациялар ұстаушыларының құқықтарын бұзуға әкелмеуі тиіс.

Орналастырылған облигациялар (сатып алынғанды шегере отырып) саны туралы ақпарат Эмитентпен Қор биржасының ресми сайтында ашылады.

2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:

Барлық облигация ұстаушыларға Эмитенттің уәкілетті органының қабылдаған шешімі туралы Эмитент өзінің корпоративтік веб-сайтында (www.brands.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (<http://www.kase.kz>) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (<http://www.dfo.kz>) интернет ресурстарында хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннің ішінде хабарлайды.

12. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңмен қарастырылмаған қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда төмендегілер көрсетіледі:

1) Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы.

Эмитент бүкіл облигациялар айналымы мерзімінің ішінде Эмитенттің сақтауы тиіс ковенанттарды (шектеулерді) көздеді:

- a) облигациялар эмитенті мен биржаның арасындағы жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
- b) облигациялар эмитенті мен биржаның арасындағы жасалған листинг шартында белгіленген жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу.

2) ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда Эмитенттің әрекет ету тәртібі:

Ковенанттарды (шектеулерді) бұзу орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде Эмитент облигация ұстаушыларға олардың бұзылғаны туралы ақпаратты өзінің корпоративтік веб-сайтында (www.brands.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (<http://www.kase.kz>) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (<http://www.dfo.kz>) интернет ресурстарында бұзушылықтың туындау себептерінің, осы бұзушылықты жою әдісі мен мерзімінің егжей-тегжейлі сипаттамасы көрсетілген хабарламаны жариялау арқылы жеткізеді.

Облигация ұстаушылар ақпаратты алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талапты (жазбаша өтінішті) жіберу арқылы Эмитенттен өздеріне тиесілі облигацияларды қайта сатып алуын талап етуге құқылы.

Облигация ұстаушылардан келіп түсетін оларға тиесілі облигацияларды сатып алу талабы жөніндегі өтінішті Эмитент облигация ұстаушылардың қажетті деректері мен деректемелері көрсетілген қағаз тасымалдағышта еркін нысанда қабылдайды.

Облигация ұстаушылардан бірінші жазбаша талапты алғаннан кейінгі 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде Эмитенттің осындай шешім қабылдауға өкілетті органы олар шығарған облигацияларды сатып алу тәртібі және күні туралы шешім қабылдайды.

Алдағы уақыттағы облигацияларды сатып алудың тәртібі мен күні туралы шешім қабылданғаннан кейінгі 3 (үш) жұмыс күннің ішінде Эмитент қабылданған шешім жөнінде облигация ұстаушыларға корпоративтік веб-сайтта (www.brands.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (<http://www.kase.kz>) және Қаржылық есептік депозитарийінің (<http://www.dfo.kz>) интернет ресурстарында хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды.

Эмитент орналастырылған облигацияларды Эмитенттің осындай шешім қабылдауға өкілетті органының облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күнінен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімнің ішінде сатып алады. Эмитент облигация ұстаушылардың талабы бойынша облигацияларды келесі бағалардың ішіндегі ең жоғарғысы бойынша сатып алуға міндетті:

- жиналған сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номинал құнына сәйкес келетін бағамен;
- мемлекеттік емес облигациялардың әділ нарықтық бағасымен.

Облигация ұстаушылардың Эмитенттен басқа мүліктік баламаны немесе басқа мүліктік құқықтарды алуға құқығы қарастырылмаған.

Ұстаушылары хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде облигацияларды сатып алу жөніндегі талапты Эмитентке ұсынбаған облигациялар осы проспектіде көзделген және ҚР Заңнамасына сәйкес тәртіптен олардың айналым мерзімі аяқталған соң өтеледі.

3) *ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда облигация ұстаушылардың әрекет ету тәртібі:*

Облигация ұстаушы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде Эмитенттің мекенжайына жазбаша мәлімдеу арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы талапты жіберуге құқылы.

Өтініш қағаз тасымалдағышта еркін нұсқада жазылады және төмендегілерді қоса алғанда, облигация ұстаушының қажетті деректері қамтуға тиіс:

| Заңды тұлға үшін | Жеке тұлға үшін: |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none">• Облигация ұстаушының атауы;• Бизнес – сәйкестендіру нөмірі;• Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және берген органы;• Заңды мекенжайы және нақты орналасқан орны;• Телефондары;• Байланысатын тұлға;• Банктік деректемелері;• Сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі | <p>Облигация ұстаушының тегі, аты және бар болған жағдайда әкесінің аты;</p> <ul style="list-style-type: none">• Жеке сәйкестендіру нөмірі;• Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген органы;• Тұрғылықты мекенжайы;• Телефондары;• Банктік деректемелері;• Сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі. |

Өтініш корпоративтік веб-сайтта (www.brands.kz) көрсетілген Эмитенттің орналасқан жері бойынша беріледі.

Ұстаушылары хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде облигацияларды сатып алу жөніндегі талапты Эмитентке ұсынбаған облигациялар осы проспектіде көзделген және ҚР Заңнамасына сәйкес тәртіппен олардың айналым мерзімі аяқталған соң өтеледі.

13. Айырбасталатын облигацияларды шығарған кезде келесі мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) облигациялар айырбасталатын акцияны орналастыру бағасының түрі, саны және анықтайтын тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі және шарты (егер облигацияларды шығару толықтай айырбасталатын болса, облигацияларды шығару айырбастауды аяқтаған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде күшін жоюға жататыны көрсетіледі, егер облигацияны шығару толықтай айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның қайта сатып алынған облигациялары кейін орналастыруға жатпай, айналым мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі);

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамсыздандыру болып табылатын Эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүлктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамсыздандыру сипаттамасы;
- 2) облигация шығарылымының жиынтық көлеміне қамсыздандыру құнының пайыздық арақатынасы;
- 3) кепіл затқа өндіріп алу айналысының тәртібі;

Осы шығарылымның облигациялары қамсыздандыру болып табылмайды.

15. Кепілдік берген банктің деректері, оның атауын, орналасқан орнын, кепілдік шартының деректемелері, кепілдік мерзімін және шарттарын көрсетумен (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе):

Осы шығарылымның облигациялары банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Концессия шартының және мемлекеттің кепілдігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының деректемелері – инфрақұрылымдық облигацияларды шығарған кезде:

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны қолдану мақсаты:

- 1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны қолданудың нақты мақсаттары:
 - өндірістік қуаттарды арттыруға инвестициялар;
 - дистрибуциялық инфрақұрылымды дамыту;
 - қаражаттар айналым қаражаттарын толықтыру үшін, соның ішінде шикізатты және материалдарды сатып алуға, маркетингтік шығындарға, көлік және логистикалық шығындарға пайдаланылуы мүмкін;
 - қаражаттар Эмитенттің қызметіне байланысты жабдықты, сонымен қатар Эмитентте бұрыннан бар жабдыққа қосалқы бөлшектерді және жиынтықтарды сатып алуға бағытталуы мүмкін;

- каражат халық тұтынатын тауарлар секторынан тауар белгілерін, брендтерді, кәсіпорындарды (кәсіпорындарға қатысу үлестерін) сатып алуға байланысты мәмілелерге бағытталуы мүмкін
- 2) инфрақұрылымдық облигацияларды шығарған кезде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигациялар ұстаушыларының өкілінің қызмет ақысына байланысты шығындар көрсетіледі:

Қарастырылмаған, себебі облигациялар инфрақұрылымдық емес болып табылады.

18. Эмитент бұрын шығарған (эмитент сатып алған облигацияларды шегерумен), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы:

Қарастырылмаған, себебі облигацияларды төлеу Эмитент бұрын орналастырған облигациялар бойынша талап ережелерімен жүзеге асырылмайды.

19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

1) осы облигациялар шығару проспектісінде қарастырылған мерзімнің ішінде облигацияның номинал құнын Эмитенттен алу немесе өзге мүліктік баламаны құқығы, сондай-ақ облигацияның номинал құнының ол бойынша белгіленген пайызын немесе облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы;

- облигация ұстаушы осы проспектінің шарттарында қарастырылған тәртіппен және мерзімде облигациялардың номинал құнын алуға құқылы;
- облигация ұстаушысы облигацияның номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайызды алуға құқылы;
- Эмитенттен басқа мүліктік баламаны немесе басқа мүліктік құқықтарды алуға облигация ұстаушылардың құқығы қарастырылмаған.

2) осы құқықты іске асыру шартын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, соның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда Эмитенттің облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы:

Облигациялар ұстаушылары келесі жағдайларда облигацияларды қайта сатып алуды талап етуге құқылы:

- Эмитенттің Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15-бабында және 18-4 бабында көрсетілген ковенанттарды (шектеулерді) бұзуы,
- Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңда көзделмеген және осы проспектінің 12-тармағының 1)-тармақшасында белгіленген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) белгіленген мерзімнің ішінде бұзуы.

18-4 бабының 2-тармағында қарастырылған жағдайларда, сондай-ақ, Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңмен көзделмеген және осы проспектіде белгіленген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) Эмитент бұзған жағдайда Эмитент орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды келесі бағалардың ішіндегі ең жоғарғысы бойынша сатып алуға міндетті:

- жиналған сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номинал құнына сәйкес келетін бағамен;

- мемлекеттік емес облигациялардың әділ нарықтық бағасымен.

Эмитент Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында көзделген шарттарды бұзған жағдайда Эмитент облигация ұстаушылардың талабы бойынша жиналған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номинал құнына сәйкес келетін бағамен облигацияларды сатып алуға міндетті.

Осы тармақта көрсетілген жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннің ішінде мұндай факт туралы корпоративтік веб-сайтта (www.brands.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (<http://www.kase.kz>) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (<http://www.dfo.kz>) интернет ресурстарында бұзушылықтың пайда болу себептерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы көрсетілген хабарламаны орналастыру арқылы Эмитент облигация ұстаушыларға хабарлайды.

Осы тармақта көрсетілген бұзушылық деректері туралы хабарлағаннан кейінгі 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде Эмитенттің облигация ұстаушылары оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы талап беруге құқылы.

Оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы облигация ұстаушыларынан бірінші жазбаша талапты алғаннан кейінгі 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде Эмитенттің аталған шешімді қабылдауға өкілетті органы оның шығарған облигацияларын қайта сатып алу тәртібі және күні туралы шешім қабылдайды.

3 (үш) жұмыс күн ішінде Эмитент корпоративтік веб-сайтта (www.brands.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (<http://www.kase.kz>) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (<http://www.dfo.kz>) интернет ресурстарында хабарлама орналастыру арқылы облигация ұстаушыларға облигацияларды алдағы сатып алатын күні туралы хабарлайды.

Эмитент орналастырылған облигацияларды Эмитенттің аталған шешімді қабылдауға өкілетті органының шешім қабылдаған күнінен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімнің ішінде сатып алады.

Ұстаушылары хабарлама алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде облигацияларды сатып алу жөніндегі талапты Эмитентке ұсынбаған облигациялар осы проспектіде көзделген тәртіппен және ҚР заңнамасына сәйкес айналымының мерзімі аяқталған соң өтеледі.

3) басқа құқықтар:

- облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитент қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға құқылы,
- облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарының қанағаттандырылуына құқылы,
- облигация ұстаушы облигацияларды еркін түрде иеліктен шығаруға және басқа да тәсілдермен басқаруға құқылы
- облигация ұстаушы Эмитенттің сыйақыларды және облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған әр күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл ретте Эмитенттің сыйақыларды және облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған әр күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күні (яғни төлем жүзеге асырылған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) қолданылған

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне негізделіп есептеледі,

- облигация ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген;
- Эмитент Қазақстан Республикасының Заңнамасында және Проспектінің 12-тармағының 1-тармақшасында көзделген шектеулерді (ковенантты) бұзған жағдайда облигация ұстаушылар облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы;
- облигацияларды ұстаушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен облигациялардың меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтары бар

20. Басталған жағдайда Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) басталған жағдайда Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:

Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау.

Басталған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғаларға (бұдан әрі Дефолт оқиғасы) төмендегілер жатқызылады:

- негізгі борышты және (немесе) Облигациялар бойынша купондық сыйақыны осы Проспектіде белгіленген осындай төлемдерді жасау мерзімдерінің ішінде төлемеу немесе толық төлемеу;
- Бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайлар және шарттар орын алған кезде негізгі борыш және (немесе) облигациялар бойынша купондық сыйақы сомасын төлеу міндеттемесін жартылай және толық орындамау.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған кезде Эмитенттің қабылдайтын шаралары, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі және шарттары:

Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Эмитенттің қабылдайтын төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған шараларына кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялар, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге рәсімдер, сондай-ақ облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері, соның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары жатады.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент келіссөз жүргізу арқылы облигация ұстаушылармен келіседі.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді сондай өкілеттік берілген орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, соның ішінде облигацияның оны ұстаушыға ұсынатын құқықтарды ескере отырып қабылдайды.

Эмитенттің кінәсінен осы шарттарда белгіленген мерзімнің ішінде купондық сыйақы және/немесе облигациялар бойынша негізгі борыш төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда Эмитент облигация ұстаушыларға кешіктірген әр күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қаржыландыру мөлшерлемесінің негізінде

есептелетін өсімпұлды төлейді. Эмитент өз міндеттемелерін жартылай немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен осы орындамау енсерілмейтін күштің салдары болып табылған жағдайда босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларына басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (стихиялық құбылыстар, әскери іс-қимылдар және т.б.) жатады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған кезде Эмитенттің осы шарттарда көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі аталған жағдайлар және олардың салдары әрекет ететін уақытша сәйкес мерзімге кейінге қалдырылады.

- 3) *эмитенттің облигация ұстаушыларға дефолт фактілері туралы орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтерді, міндеттемелерді орындамау себебін, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша жүзеге асыруы мүмкін іс-қимылдарының тізбесін, облигация ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе көмекқаржылық жауапкершілікті көтеретін тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібін қамтитын ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері.*

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Эмитент сатып алу негіздері туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннің ішінде мұндай факті туралы Эмитенттің (www.brands.kz), Қор биржасының (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында хабарлама орналастыру арқылы, оған қоса:

1. дефолт фактісі туралы ақпаратты;
 2. дефолт туындаған күнгі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемін;
 3. Дефолт оқиғасына алып келген міндеттемелерді орындамау себептерін;
 4. Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарының тізбесін, соның ішінде Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін;
 5. Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты облигация ұстаушыларға хабарлайды.
- 4) *эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті емес орындаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосалқы ортақ жауапкершілікте болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні және нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сонымен қатар олардың мемлекеттік тіркеу күні (мұндай тұлғалар болған жағдайда):*

Қарастырылмаған.

22. Эмитент облигациялары ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (қамсыздандырылған, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигацияларды шығарған жағдайда):

- 1) Облигацияларды ұстаушылардың толық және қысқартылған атауы;
- 2) Облигацияларды ұстаушылардың өкілінің орналасу орны, байланыс телефондарының нөмірлері;
- 3) эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың күні мен нөмірі;

Қарастырылмаған, себебі облигациялар қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (болған кезде):

- 1) Төлем агентінің толық атауы;
- 2) Бағалы қағаздар бойынша табысты (облигацияның номиналды құнын) төлеуді жүзеге асыратын төлем агентінің және оның барлық филиалдарының орналасу орны, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;
- 3) Төлем агентімен жасалған шарттың күні мен нөмірі;

Төлем агенті қарастырылмаған.

24. Эмитент кеңесшілері туралы мәліметтер:

- 1) эмитенттің бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізіміне енгізу және орналастыру жөніндегі консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы: «RESMI» Инвестициялық Қаржы Үйі «Акционерлік қоғамы («RESMI» ИҚҰ» АҚ)
- 2) орналасқан жері, байланыс телефон нөмірлері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 110 «Е», 050040, тел: +7 (727)266 70 77, 266 71 77, факс: +7 (727) 266 74 00.
- 3) эмитенттің бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізіміне енгізу және орналастыру жөніндегі консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен жасасқан шартының күні және нөмірі: Эмиссия процедураларына қатысты кеңес берушілік қызметтерді көрсету туралы 22 сәуір 2013 ж. №4031-2013 Андеррайтерлік келісімі. Бірінші басшы – Басқарма төрағасы Татыбаева А.Т.

Басқарма Төрағасы
«RG Brands» АҚ



Калтаев Т.С.

Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций (облигационной программы, выпуска негосударственных облигаций в пределах облигационной программы) уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения негосударственных облигаций, описанных в проспекте, и не подтверждает достоверность информации, содержащейся в данном документе. Должностные лица эмитента подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно эмитента и его размещаемых негосударственных облигаций. В период обращения негосударственных облигаций эмитент обеспечивает раскрытие информации на рынке ценных бумаг на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан о рынке ценных бумаг.



ПРОСПЕКТ ВТОРОГО ВЫПУСКА НЕГОСУДАРСТВЕННЫХ ОБЛИГАЦИЙ В ПРЕДЕЛАХ ВТОРОЙ ОБЛИГАЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ

**АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «RG Brands»
(АО «RG Brands»)**

1. Настоящий выпуск облигаций осуществляется в соответствии с проспектом второй облигационной программы Акционерного общества «RG Brands» (далее – Эмитент). Настоящий выпуск облигаций является вторым в рамках второй облигационной программы Эмитента.

2. Сведения об облигационной программе:

- 1) *Дата государственной регистрации проспекта облигационной программы:*
Государственная регистрация проспекта второй облигационной программы Эмитента была осуществлена 21 июня 2013 года, выпуск внесен в Государственный реестр эмиссионных ценных бумаг за номером Е49.
- 2) *объем облигационной программы, в пределах которой осуществляется выпуск:*
12 000 000 000 (двенадцать миллиардов) тенге.
- 3) *сведения обо всех предыдущих выпусках облигаций в пределах облигационной программы:*

| Первый выпуск в рамках второй облигационной программы | |
|--|--|
| Дата регистрации выпуска облигаций в Уполномоченном органе | 21 июня 2013 года Номер Е49-1 |
| Количество выпуска | 7 000 000 000 (семь миллиардов) штук |
| Вид облигаций выпуска | купонные без обеспечения |
| Объем выпуска по номинальной стоимости | 7 000 000 000 (семь миллиардов) тенге |
| Количество размещенных облигаций выпуска | 243 304 000 (двести сорок три миллиона) штук |
| Общий объем денег, привлеченных при размещении облигаций | 228 625 085 (двести двадцать восемь миллионов шестьсот двадцать пять тысяч восемьдесят пять) тенге |
| Сумма начисленного вознаграждения по данному выпуску облигаций | 20 757 095 (двадцать миллионов семьсот пятьдесят семь тысяч девяносто пять) тенге (по состоянию на 01.04.2019 г) |
| Сумма выплаченного вознаграждения по данному выпуску облигаций | 19 657 500 (девятнадцать миллионов шестьсот пятьдесят семь тысяч пятьсот) тенге |
| Количество выкупленных облигаций с указанием даты их выкупа | 184 000 000 (сто восемьдесят четыре миллиона) штук 10 июля 2017 года |
